



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қараша **2023**

2023 жылғы қарашадағы жылдық инфляция – 10,3%, айлық инфляция 1% болды.

Қарақұмық жармасы мен күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты азық-түлік құрылымында өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы одан әрі арзандады. Сонымен қатар, жаңа піскен көкөніспен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы саласының өндірушілері бағаны өсіріп, жеміс пен көкөніс қымбаттады, сондай-ақ бидайдан алынған өнімнің мол болмауы нан-тоқаш өнімдерінің бағасы қымбаттағаны байқалды.

Азық-түліктен басқа тауарлар құрылымында киім мен аяқ киім бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады. Тұрмыстық техника, атап айтқанда тоңазытқыш, кір жуғыш машина бағасы екі ай қатарынан арзандап жатыр. Бұл ретте, аудиовизуалды жабдық пен фотоаппаратура, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтың, сондай-ақ автокөліктің қымбаттағаны байқалады.


Ақылы қызметтердің ішінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясында реттелетін коммуналдық қызмет тарифі тағы да қымбаттап жатыр.

Әуе билеті бағасы одан әрі қымбаттап, жалпы көлік қызметі бағасының өсуі жеделдеді. Сонымен қатар, интернет желісіне қосылу үшін төленетін абоненттік төлемнің қымбаттауына байланысты телефон байланысы қызметінің бағасы жедел өсе бастады.

Қараша айында жылдық инфляция тоғызыншы ай қатарынан баяулап, 10,3% болды. Бұл ретте бағаның бір айдағы өсімі 1%-ға дейін жеделдеді.

Маусымдық факторлар ескерілмеген инфляция тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, аудиовизуалды жабдық пен фотоаппаратура, ақпаратты өңдеуге арналған жабдық, автокөлік құралын сатып алу бағасының өсуі аясында 0,8%-ға дейін жеделдеді (1-кесте). Маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімінің аннуализацияланған көрсеткіші 2023 жылғы қарашада 9,9% болып, әлі де көзделген мәннен асып кетіп отыр, бұл көптеген тауар мен қызметтің бағасы әлі де өсіп жатқанын айғақтайды.

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Әртүрлі әдістеме¹ бойынша есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық бағасы 0,6%-дық деңгейде тұрақтады. Сонымен қатар


¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу

биылғы қарашадағы маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляция бағаларының дисперсиясы (диапазоны) қазандағы 0,5-0,8%-дан 0,4-0,9% дейін өскені байқалады. Бұл инфляциялық процестердің құбылмалылығы артқанын көрсетеді (2-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының жылдық өсімі одан әрі баяулап, биылғы қарашада 9,2% (қазан айында – 10,4%) болды. Азық-түлік компонентінің құрылымында негізгі тауар топтарының инфляциядағы үлесі азайғаны байқалады (3-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Биылғы қараша айында азық-түлік 0,7%-ға қымбаттады. Нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы 0,7%-ға (а/а) өсті. Бидайдан алынған өнім мол болмағанына байланысты, ұн бағасы 1,2%-ға (а/а) қымбаттағаны байқалды. Қараша айында ауыл шаруашылығындағы күріш өндірушілер бағасы өсіп, күріш 1,4%-ға (а/а) қымбаттады. Биылғы қарашада азық-түлік компонентінің инфляциясын жеделдетуге жаңа піскен көкөніс өндірушілердің бағаны қымбаттатқанына байланысты (2,3% а/а, 2,8% ж/ж) көкөніс бағасының 4,6%-ға (а/а) өсуі қатты әсер етті.

Сонымен қатар, қарақұмық жармасының бағасы 0,4%-ға (а/а) арзандады (жыл басынан бері 21,1%-ға арзандады), бұл былтырдан бері қарақұмық жармасының біршама қоры жиналғанына байланысты болып отыр.


әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғандықтан, күнбағыс майының бағасы 0,3%-ға (а/а) арзандады (жыл басынан бері 16,8%-ға түсті), бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына², сондай-ақ өсімдік майларының әлемдік бағасы төмендегеніне байланысты.

Жемге арналған дақылдар бағасының төмендеуі аясында сүт өнімдерінің бағасы өскені 0,2%-ға (а/а) дейін баяулады. Қант өндірушілердің бағасының және қанттың импорттық бағасының төмендеуіне байланысты қант бағасы 2,7%-ға (а/а) төмендеді.

Азық-түліктің кей түрінің тұтыну бағасы арзандағанына немесе өсімі баяулағанына қарамастан, дәнді дақылдардың, өсімдік майларының және еттің ішкі бағасы әлемдік бағадан да жылдам өсіп жатыр. Кері динамика тек қантта байқалады. 2023 жылғы қарашада ішкі және сыртқы бағалардың өсу қарқыны арасындағы елеулі дифференциал ет өнімдері мен дәнді дақылдар арасында сақталады, өсімдік майлары мен қант бойынша алшақтықтың қысқарғаны байқалады (4-кесте).

4-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы³, теңгемен, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері

Биылғы қарашада дәнді дақылдардың әлемдік бағасы 3%-ға (а/а) түсті (бір жылда 19,4%-ға төмендеді), оған негізінен Аргентина мен Аустралиядағы егін жинау науқанының қарқындылығы, бидай ұсынысының маусымдық өсуі ықпал етіп отыр. Сондай-ақ, ұсыныстың өсуі және болжамды өндіріс көлемінің жақсаруы нәтижесінде жүгері мен арпа бағасының төмендеуі байқалады. Дәнді дақылдардың әлемдік бағасының төмендеуіне қарамастан, нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасының үздіксіз өсуі 2023 жылғы қарашада дифференциалдың өсуіне әкелді.

² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

³ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.


Сыртқы және ішкі бағалар арасындағы дифференциалдың алшақтығы ет бағасынан байқалады, бұл ет өнімдерінің ішкі бағасы өсіп, әлемдік бағасы төмендегендіктен болып отыр. 2023 жылғы қарашада Азия елдерінің импорттық сұранысы аз болуына, сондай-ақ қысқы мерекелер қарсаңында Еуропадағы кейбір жеткізушілердің экспорттық ұсынысы көбейгеніне байланысты еттің әлемдік бағасы 0,4%-ға (а/а) түсті (бір жылда 2,4%-ға төмендеді). Биылғы қараша айында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюына байланысты ет өнімдерінің сыртқы бағасының төмендегені жеделдегенін айтып өткен жөн.

Өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағалары арасындағы дифференциал қысқарып жатыр. Бір жағынан, күнбағыс дәнінің едәуір қоры өсімдік майларының ішкі бағасын одан әрі төмендетті. Екінші жағынан, үш ай қатарынан төмендеген өсімдік майларының әлемдік бағасы 2023 жылғы қарашада 3,4%-ға (а/а) өсті (бір жылда 19,8%-ға төмендеді), бұл негізінен негізгі импорттаушы елдердің сатып алу көлемін ұлғайтуына, сондай-ақ негізгі өндіруші елдердегі өндірістің маусымдық қысқаруына байланысты болды.

Үш ай қатарынан қанттың ішкі бағасының динамикасы сыртқы бағаның динамикасынан төмен болып отыр. Биылғы қараша айында қанттың әлемдік бағасы 1,4%-ға (а/а) (41,1%-ға ж/ж) өсті, бұл Таиланд пен Үндістанда (негізгі экспорттаушылар) өнім алу деңгейінің нашарлауына байланысты осы маусымда әлем бойынша экспорт ұсынысының қысқаруына байланысты болып отыр. Бұл ретте қанттың ішкі бағасы төмендеп жатыр. Қанттың ішкі және сыртқы бағалары арасындағы дифференциалдың неғұрлым қатты алшақ болуы биылғы қарашада теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюымен реттелді.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция жылдық мәнде 9,9%-ға дейін баяулады (қазанда – 11,1%). Киім мен аяқ киім, тұрмыстық заттар, жеке пайдаланылатын тауарлар, жанар-жағармай бағасының жылдық өсу қарқынының баяулағаны байқалады (5-кесте). Осы тауарлардың жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляцияға қосқан жиынтық үлесі қараша айында 8,1% болды. Бұл ретте күннің суытуына байланысты сұраныс артқандықтан, дәрі-дәрмектің үлесі өскені байқалады. Сонымен қатар, автомобиль өндірушілерінің бағасының өсуіне байланысты автомобиль бағасының үлесі де өсті.

5-кесте. Тауарлардың азық-түлікке жатпайтын инфляциядағы үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының бір айдағы өсімі 0,5%-ға дейін баяулады (қазан айында – 0,8%). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар компонентінің ішінде тұрмысқа қажетті құралдар бағасының 2,3%-ға (а/а) төмендегені байқалады.

Сонымен қатар, күннің суытқанына байланысты жылы киім мен аяқ киімнің қымбаттағаны байқалады.

2023 жылғы қарашада ақылы қызмет бағасының өсуі жылдық мәнде 12%-ға дейін жеделдеді (қазан айында – 11%). Бағаның бір айдағы өсімі – 1,7% (қазан айында – 0,8%) болды (6-кесте).

6-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Ақылы қызметтер құрылымында «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясында реттелетін коммуналдық қызмет тарифі одан әрі өсіп отыр. 2023 жылғы қазанда реттелетін ЖКҚ тарифтерінің өсімі 6,2% болды.

Суық судың құны – 5,0%-ға (а/а), су бұру – 0,9%-ға, электр энергиясы – 4,4%-ға, ыстық су – 8,1%-ға, жылу – 16,1%-ға өсті, газбен жабдықтау тарифінің құны өзгерген жоқ (7-кесте).

7-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы қарашада шаштараз бен сұлулық салондарындағы қызмет бағасы 0,5%-ға (а/а) өскені байқалды. Әуе билетінің бағасы 27%-ға (а/а) қымбаттауы аясында көлік қызметі 0,7%-ға қымбаттады. Телефон және факс байланыс қызметтері бағасының өсуі интернет желісіне қосылуға арналған абоненттік төлемнің 1,9% (а/а) қымбаттауына байланысты 0,7%-ға дейін жеделдеді. Биылғы қарашада қажетті жағдай жасалған тұрғын


үйді жалға алу бағасының өсімі 1,1%-ға дейін баяулады (қазан айында – 2,3%-ға баяулады).

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындар бағасының бір жылдағы төмендеуі күрделі тауарлар бағасының өсуіне және аралық тауарлар бағасының төмендеуінің баяулауына байланысты тежелді.


Ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы өсімдік шаруашылығындағы бағаның төмендеуі және мал шаруашылығындағы бағаның өсу қарқынының баяулауы аясында одан ары төмендеді.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 2023 жылғы қарашада жылдық мәнде 0,8%-ға төмендеді. Бағаның төмендеу қарқынының баяулауы өнеркәсіптік сипаттағы қызметтер бағасының тез өсуіне және аралық тауарлар бағасының төмендеуінің баяулауына байланысты болды (8-кесте).

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Биылғы қарашада азық-түлік өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 1,7%-ға төмендеді. Ұн-жарма өнімдерін, майларды өндірушілердің бағасы төмендегені байқалады. Нан-тоқаш және макарон өнімдерін, сүт өнімдерін және басқа да азық-түлік өнімдерін өндірушілер бағасының өсуі баяулады. Сонымен қатар, ет өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында киім, жиһаз, автомобиль, жуу және тазалау құралдарын өндірушілердің бағасының өсімі баяулады.

2023 жылғы қарашада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы ары қарай төмендеп, жылдық мәнде 4,9%-ға түсті (2023 жылғы қазанда 4,3%-ға төмендеді) (9-кесте).

Өсімдік шаруашылығында дәнді дақылдардың, атап айтқанда жүгері мен арпаның, жаңа піскен көкөніс, сондай-ақ кептірілген бұршақ дақылдарының бағасы одан ары арзандады. Сонымен қатар, биыл елдің негізгі астық егетін өңірлерінде ауа райының қолайсыз болуы астықтан мол өнім алуға кедергі болды, сол себепті бидай бағасының арзандауы баяу қарқынмен жүрді. Жемшөп дақылдарының бағасы төмендеп жатыр. Мал шаруашылығында тірі мал бағасының жылдық өсу қарқынының баяулағаны (а.ж қазандағы 5,4%-дан 4,8%-ға дейін, ж/ж) және шикі сүт (а.ж. қазандағы 13,2%-дан 8,8%-ға дейін), сондай-ақ құс бағасының (0,1%-ға төмендеді ж/ж) және жұмыртқа бағасының (0,3%-ға төмендеді, ж/ж) төмендегені байқалады.